СА

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ С.МӘУЛЕНОВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «ГИМНАЗИЯ ИМЕНИ С.МАУЛЕНОВА ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА КОСТАНАЯ» УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

2026 жылғы 01 қыркүйек
Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

№ 236
город Костанай

Педагогикалық әдепті сақтау туралы

«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығын басшылыққа ала отырып және педагогикалық әдепті сақтау мақсатында,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Гимназияның педагогтерін бекітілген Педагогикалық әдеп қағидаларымен (бұдан әрі - ПӘҚ) қол қойғызып таныстыру (1-қосымша), жаңадан жұмысқа қабылданатын педагогтерді міндетті түрде жұмысқа қабылдау бұйрығымен қоса ПӘҚ таныстыру жұмысы тұрақты жүргізілсін. (А.Мадибаев, С.Бейсенова)
2. Гимназияның әр педагогіне тұрақты негізінде (қызметтік және қызметтік емес уақытта) бекітілген ПӘҚ қатаң сақтау жүктелсін. (С.Бейсенова, педагогтер тізім бойынша)
3. Барлық педагогтерге түрлі әлеуметтік желілерде (Aitu, WatsApp, Vkontakte, Instagram, Twitter, YouTube, Facebook, Telegram, «Одноклассники» және т.б.) бекітілген ПӘҚ сәйкес педагог қызметкерінің жоғары атағының беделіне нұқсан келтіруі мүмкін әрекеттерге жол бермеу жөнінде қатаң ескертілсін және аталған талаптарды қатаң сақтау міндеттелсін. (С.Бейсенова, педагогтер тізім бойынша)
4. Әр педагогикалық қызметкерге күрделі жағдайдан тыс жұмыс барысында (сабақ кезінде) ұялы телефонмен сөйлесуге және әлеуметтік желілерде отыруға (статусты жаңартуға және т.б.) қатаң тыйым салынады. (С.Бейсенова, педагогтер тізім бойынша)
5. Жалпы гимназияның Aitu-тобында (WatsApp) жұмыс күндері тек жұмыс бабына тиісті ақпараттарды және т.б құжаттарды салуға рұқсат етіледі, ұсынылған ақпараттар және берілген ұсыныстар мен тапсырмалар бойынша жеке сұрақтар пайда болған кезінде сол мәліметті жіберген лауазымдық тұлғамен жеке шешілсін, педагогтерге сай емес жазуларды, бейнебаяндарды және т.б. заттарды салуға, басуға қатаң тыйым салынады. (С.Бейсенова, педагогтер тізім бойынша)
6. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша насихат-түсіндірме жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру гимназия кәсіподағының төрағасы О.Сансызбаевқа жүктелсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор: **А.Мадибаев**

Бұйрықпен таныстырылды:
«01» қыркүйек 2026ж.
1.С.Бейсенова
2.О.Сансызбаев